



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», 2018 ж. 10 қаңтар.
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанда №827 Қаулысы.
3. Цифровая экономика: преимущества и риски в системном подходе. Мнение //Геополитика. 2017, 14 октябрь.
4. Абай Аймағамбет. [Экономиканы цифрландыру – мәртебелі меже //«Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті.](#) 2018 жыл, 21 ақпан.

УДК 33.3347(547)

КӘСІПКЕРЛІКТЕ ӨНІМДЕРДІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІКТЕГІ ОРНЫ

Орынбай Аманкүл Талғатқызы

almaganbetova111@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Смаилова Д.О.

Жаппай жаһандану кезінде алпауыт елдердің көлеңкесінде қалып жұтылып кетпес үшін отандық өнімді бізге көбейту керек. Ал, отандық өнімді көбейту үшін ішкі саудада отандық өнімдердің саны артуы керек және оны тұтынушылардың саны да артуы керек. Бүгінде біздің елімізде отандық өнім көппе және оған сұраныс қай дәрежеде?

Елімізде отандық өнімнің үлесінің көбейту ең басты екі мәселені шешуге мүмкіндік береді. Экономикамыздың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді және халқымыздың денсаулығын сақтайды. Алайда, бүгінгі жаһандық бәсекелестік жағдайында баға мен сапа факторы алдыңғы орында. Тұтынушының талғамынан шыға алмаса тауар өндірушінің нарықта табан тіреп тұруы қиын. Қарапайым халық алдымен қалтасын ойлайды, сол халықтың көңілінен шықсан ғана өнімнің дүкен сөрелерінде жатпайды. Нарықтың осынау қатаң заңы нағыз бісекелестікке жол ашады, көзін тапсан ғана ісін ілгері басады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің сипаттамалары қандай? Оның негізгі құрауыштарын атап өтейік:

А. Негізгі құрауышы өнімнің өзімен тікелей байланысты және оның сапасына көп көңіл аударылады. Көптеген зерттеулер нәтижесінде өнімді сатып алу туралы қорытынды шешім (30-35%) оның сапалық сипаттамаларымен байланысты екенін көрсетеді.

В. Екінші құрауышы өнімді сату мен сервисімен байланысты. Тұтынушы көбіне өнімнің сапасы төмен, бірақ сенімді және қымбат емес сервисімен (мысалы, автотехника) сатылатын тауарды таңдайды.

С. Үшінші құрауыш бұл тұтынушыға, субъективті фактор ретінде жағымды немесе жағымсыз әсерін тигізетінің бәрі.

Кәсіпорын өнімінің. Бәсекеге қабілеттілігін модельдеудің мақсаты бәсекелес кәсіпорынның өнімдері арасында нарықты бөлудің нарықтық механизмін модельдеуге келіп тіреледі.

Кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігі белгілі бір фактордардың ықпалымен қалыптасады. Олардың арасындағы негізгілері:

- Баға;
- Сапалық;
- Жаңалық;
- Жарнама;
- Пайдалану сенімділігі;
- Көркемдеу, мәнерлеу;

- Буып-түю, т. б. [3].

Азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі жаһандық жағдайы адамзат өміріне қауіп төндіруде. Жер шары тұрғындарының саны өскен сайын халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі ушығып отыр. 2050 жылға қарай адам саны 9,5 миллиардқа жетеді деген болжам бар. Сондықтан да азық-түлік дағдарысы әлем жұртшылығын, соның ішінде Қазақстанды да алаңдатып отырған негізгі мәселе. Елбасы Н.Назарбаев өз жолдауында: «Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты мәселе. 2014 жылға қарай азық-түлік өнімдері ішкі нарығының 80%-ын отандық өнімдер құрауы тиіс» - деген болатын. Бүгінгі таңда ғаламдық мәселеге айналып отырған азық-түлік қауіпсіздігінің алдын алудағы отандық өнімдердің орны ерекше. Азық-түлік өнімін шығарып отырған қазақстандағы кәсіпорындарға тоқтала кетсек [1].

Қапшағай қаласының «Арна» индустриалды аймағында орналасқан «Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС-ның азық-түлік шығаратын зауыты 2018 жылғы маусым айының соңында ашылады. Экспортқа бағытталған кәсіпорын алғашқы дайын өнімін 1-желісі іске қосылатын сәуір айында шығарады деп жоспарланып отыр. 2018 жылға 24 млрд теңге болатын сатылым көлемі белгіленіп отыр. Зауыт тез пісетін кеспе, сорпа дәмдеуіштері, макарондар – жалпы саны 15 түрлі өнім шығаратын болады. Дайын өнімнің 70 пайызы Азияның 5 еліне, Монғолия мен Қытайға шығарылады. Өндіріс барысында 5 өнім – ұн, тұз, картон және басқа да қазақстандық өнімдер қолданылады. Кәсіпорын 500 адамды тұрақты жұмыс орнымен қамтиды. Оның 90 пайызын жергілікті тұрғындар құрайтын болады [4].

«Жайық ет» кәсіпорнының негізгі 2003 жылғы бұрынғы Орал ет комбинаты базасында қаланған. 2009 жылы мұнда өндірістің көлемді жаңғырту жұмыстары басталған, ол 2013 жылы аяқталған. Қазіргі таңда зауыт 100-ден астам ет, шұшық және консерві өнімдерін шығарады [2].

Ақтөбеде Индустрияландыру картасының аясында 2015-2017 жылдары іске қосу көзделген жалпы сомасы 9,3 млрд. теңгені құрайтын, 659 жаңа жұмыс орны құрылатын 10 жоба іске асырылуда. Соның бірі - Ақтөбені сүт өнімдерімен қамтып отырған «Айс Плюс» кәсіпорны. Аталмыш кәсіпорын бәсекеге қабілетті, өндірісте табысты болу үшін өнім көлемін ұлғайтуды қолға алып отыр. Жыл басында Болгариядан құны 200 млн. теңге тұратын желі әкелініп, өндіріс көлемі артты. Бұл құрылғы сағатына 6000 бөтелкеге сүт өнімдерін құяды. Өнімдер құйылатын пед-құтылардың сыйымдылығы - 900 грамм. Айран, сүт, биоөнімдердің бірнеше түрі осы жаңа ыдысқа құйылады. 1999 жылы бұрынғы қалалық сүт зауыты базасында ашылған «Айс» кәсіпорны алғашқыда тек балмұздақ шығарумен ғана айналысты. 2002 жылы қышқыл сүт өнімдерін шығаратын цех ашылып, қосымша «Айран», «Ряженка», «Снежок» секілді түрлі сүт өнімдері сауда сөрелеріне қойыла бастады. 2005 жылдан бастап үшінші цехтың жұмысы жолға қойылды. Қазіргі уақытта «Айс» серіктестігінде сүт өнімдерінің қырыққа жуық түрі шығарылады. Олардың ішінде майлылығы әртүрлі айран, «Ряженка», «Снежок», «Варенец», қаймақ, йогурттар, сүт өнімдері, балмұздақтың түр-түрі бар. Кәсіпорында 220 адам жұмыс істейді, тұрақты айлығын алады. Зауытта айына 800 тонна өнім өндіріледі. Қаладағы барлық супермаркет сөрелерінде жергілікті сүт өнімдері тұр. Кәсіпорын рубль бағамына байланысты ақпан айынан бері Ресейге өнім шығаруды тоқтатқан болатын. Енді экспортты қайта жандандырып, көрші елмен сауда-саттық байланысын орнатуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, сыртқы нарыққа шығарылатын өнімнің көлемі екі есеге артатын болады. Зауыт басшылары «Айс Плюс» кәсіпорнының өнімдері арзан бағамен нарықты жаулаған Ресей өнімдерімен қатар тұра алатындығын айтады. Сапалы өнімге сұраныс барын ескеретін болсақ, бұл кәсіпорынның болашағы жарқын деп есептеуге болады. Ақтөбеліктер 15 жылдан бері осы зауыттың сүтін алып келеді [5].

Азық-түлік өнеркәсібін дамытуға қолдау көрсету шаралары туралы сөз болған жиында Асылжан Мамытбеков мырза жеке позициялар бойынша импорттың қомақты үлесі әлі де сақталып келе жатқанын айтты. Мәселен, кондитерлік өнімдер 544, 6 млн долларды құрап отырса, сүт өнімдері 419, 5 млн доллар көлемінде елге жеткізіледі. Ал, қант 240, 5 млн

доллар, құс еті 186, 1 долларға, жеміс көкөніс косервілері 155,6 млн долларға импортталады. «Елімізде отандық өнім көлемі өсіп келеді. 2013 жылы қайта өңделген өнімнің көлемі шамамен бір триллион теңгені құрады. 600 млрд. теңгенің өнімі қайта өңделген, 2009 жылмен салыстырғанда өсім 65 пайызға жуықтады. Бірақ, біздің нарықта импорт көлемі де өсіп жатыр. Бұл мәселені шешу үшін бірқатар шаралар қолға алып отырмыз», - деді А.Мамытбеков.

Айта кетейік, бүгін Үкімет отырысында «2015-2019 жылдарға арналған ҚР азық түлік өндірісін дамыту» бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама шеңберінде ауыл шаруашылығы шикізатына, қаржылық қызметтерге, коммуналдық және көлік қызметіне, ыдыс және орауыштарға қолжетімділіктің ұлғаюы, отандық азық түлік тауарларын сату аралын кеңейтуге жағдай жасау, тұтыну мәдениетін дамыту, кадрларды даярлау және қайта даярлау, техникалық реттеу, экспорт және импорт саудасын реттеу, т.б жатады. «Біздің еліміздің 2020 жылға дейінгі азық-түлік өндірісін дамыту шаралары қабылданды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу агроөнеркәсіп кешенінің барынша маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан ауыл шаруашылығын оның өнімдерін өндемей дамыту мүмкін емес», - деді ол [6].

Министрдің айтуынша, еліміздің өңдеу өнеркәсіптерінің жалпы көлемінің тек 16,5 пайызын ғана ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу өнеркәсіптері құрайды. Яғни, бұл саладағы екі мыңға жуық кәсіпорында елу мыңнан астам адам жұмыс істеуде. Жалпы, бұл салада соңғы жылдары ілгерілеушілік бар.

Өткен жылдың қараша айындағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жұртшылықты әлемдік дағдарыс жағдайында отандық өнімдерді сатып алуға үндеу тастап, «Қазақстанда жасалған» акциясын жүргізуді тапсырды. Президент үндеуінен кейін «Қазақстан – 2050» жалпыұлттық қозғалысының белсенділері бірден ірі дүкен желілерімен және өндірушілермен келіссөз жүргізуді бастап кетті. Аталған қоғамдық ұйымның акция өткізу туралы ұсынысын алғашқылардың бірі болып облысымыздағы «SMALL» супермаркеттер желісі қолдап, отандық өндірушілердің өнімдері орналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» деп жазылған түрлі түсті белгі-тақтайшалар қойылды. Бұл қазақстандық өнімді ерекшелеп, сатып алушылар үшін тартымдылығын арттырды. Шындығында, аталмыш акция басталмай тұрып-ақ облыс әкімдігінің бастамасымен өңірдегі жергілікті шаруа қожалықтарының өнімдерін тұрғындарға насихаттау мақсатында ауылшаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып, кәсіп иелерінің тауарларын сатуға қолдау танытқалы бірнеше жыл болды. Ал Елбасы Үндеуінен кейін басталған «Қазақстанда жасалған» акциясы отандық тауар өндірушілерге үлкен қолдау болғаны сөзсіз. Десе де, бір сөреде қатар тұратын шетелдің бренд өнімдеріне қарағанда жергілікті тауарға деген жұрттың ықыласы әлі де төмен.

Таяу және алыс шетелдерге шығарылатын Қазақстан экспорты 2014 жылы 78,2 миллиард АҚШ долларын құрды. Мұның 16 миллиарды Италия, 9,8 миллиарды Қытай, 8,7 миллиарды Нидерландтың еншісінде.

Өткен жылы Қазақстан бойынша 1912 кәсіпорын 18,5 триллион теңге көлемінде өнім өндірді. Мұның ішінде жетісулық 143 кәсіпорынның да еншісі бар.

Әу баста сауда-саттықты негіз етіп кәсіп ашқан жерлестеріміз қазірдің өзінде іргелі өндірістердің тізгінін қолына ала бастады. Бірақ олар өз брендін қалыптастыру үшін әлі де біршама уақыт керек.

Тәуелсіздіктің жиырма неше жылында қазақстандықтардың жеткен жетістігі аз болған жоқ. Әу баста сауда-саттықты негіз етіп кәсіп ашқан жерлестеріміз қазірдің өзінде іргелі өндірістердің тізгінін қолына ала бастады. Бірақ олар өз брендін қалыптастыру үшін әлі де біршама уақыт керек. Сондықтан міндетті түрде қытайдың жібегін, түріктің матасын, немістің мәшинесін, француздың әтірін, жапон мен кәрістердің тұрмыстық техникасын қолдана тұруға тура келеді. Десе де, бұл жағдай отандық өндірушілер мен шетелдік кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестікті күшейте түсті. Кім ырықты орында болса, нарықтың иегері сол болмақ.

«Әр нәрсенің екі жағы бар» дегендей, бәсекелестіктің дамуы тауар өнімділігін арттырудың мүмкіншілігін кеңейтумен қатар шетелдік өнімнің елімізге көптеп енуіне жол ашты. Ендеше тұтынушылар кімнің өнімі сапалы, көңілге қонымды болса, соны сатып алады. Бұл біздің кәсіпкерлердің алдында тұрған сын-сынақ. Мысалы, шетелдерде екі ғасыр бойы әйнек өндірісімен айналысқан қытайлық Ли әулеті, жарты ғасырға жуық компьютер техникасын өндірген америкалық Билл Гейтс, мәшине бөлшектерін өндіретін германиялық Морган отбасы сияқты бір кәсіптің жолын ұстап, мұрагерлікпен дамыған кәсіпкерлер жетерлік. Сан жылдар бойы белгілі бір кәсіптің тетігін игеріп, негізін қалағандықтан олардың әлеуеті мығым, оңай шағыла қоятын жаңғақ емес. Олар өндірген тауар сапасы, өтімділігі, танымалдылығы жағынан отандық өнімді сан орайды. Осыдан-ақ бәсекелестік тұрғысынан отандастарымызға түсер салмақтың қаншалықты ауыр болатынын ойлай беріңіз. Бірақ қазақстандық кәсіпкерлер бүгін Қытайға, ертең Түркияға, одан ары Америкаға ұшып, тәжірибе жинап, жол іздеп жүр. Ал мемлекет тарапынан отандық кәсіпкерлерге жасалып отырған қолдау мен көмек, демеу жолдары да жетерлік. Ал осы бәсекелестікке біздің кәсіпкерлер қаншалықты дайын?

Жыл сайын елімізде көптеген іргелі кәсіпорындар іске қосылады. Өкінішке қарай, миллиардтаған қаржымен салынған өндірістің көбі болжаған қуаттылығына жетпей, жол ортада жұмысын тоқтатып, нарыққа шығаратын өнімін тапсырыс арқылы қытайлық немесе басқа шетелдік зауыттарда дайындап, қазақстандық сауда маркасымен саудалап жүргенін біреу білсе, біреу білмейді.

Бұл біреудің құлағына жағар, енді бірі таңғалатын шығар. Осы жайлы көзбен көрген бірнеше мысалды айта кетсем, артық болмас. Осыдан біраз жыл бұрын қойдың құлағына тағатын сырға жасайтын шағын цехта жұмыс істедім. Алғашында бірнеше адамды жұмысқа алып, жанталаса өнім шығарған цех біраз уақыттан кейін сырғаны қытайдан тапсырыс арқылы өндіретін жеңіл жолды тауып алды. Көп өтпей цехты жауып тынды. Бірақ қойдың құлағын сырғалау үшін жыл сайын миллиондаған қаржы бөлу әлі жалғасып келеді. Ал бірде Жаркент пен Көкталдың арасында Қытай шекарасынан кірген «КамАЗ» автокөлігінің құлап жатқанының үстінен түстік. Жол шетіне шашылып жатқан көлік толы «Сарыағаш» сусынын көріп, жағамызды ұстап: «Біз кімнің суын ішіп жүрміз?» деген ойға ырық беріп едік. Қазақстанның брендіне айналған сусынның сиқы осылай болса, күнделікті дастарқанымыздағы азық-түлік жайлы бас қатыру артықтау сияқты. Әрине, бұл жағдай аздаған адамның қаржысын молайтып, қалтасын қампайтатын шығар. «Көп адамның жұмыссыздыққа ұшырауына, елдің қаржысының шашылуына, экономикасының әлсіреуіне, техниканың тілін білетін жастардың жетілуіне тосқауыл болмай ма? Ертең ел арасына іріткі түсіп жатса, тісімізді тістеп қалмаймыз ба?» деген суық ой сұмандап шыға келеді. «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүредінің» кері келіп тұрған жоқ па?

Бір қуанарлығы, кейінгі жылдары алыс-жақын шетелдердің қазақстандық азық-түлікке деген қызығушылығы арта түсті. Бұған, біріншіден, қазақстандық өнімдердің әлемдік нарықтағы бағасының арзандығы, екіншіден, сапасының жоғарылығы себеп болып тұр. Кейінгі кезде ғаламтордан шетелдік кәсіпкерлердің ұнға әк қосып ағарту, бағасы қымбат жеңсік астарды арзан шикізаттардан дайындау, дәмдендіргішті химиялық қосылыспен өндіретін жаға ұстатар жағдайларды жиі еститін болдық. Бұл адамдық тұрғыдан олардың пендешілігі десек те, кәсіптік тұрғыдан техникалық әлеуеттің жоғарылығын көрсетеді. Бір қуанарлығы, техниканың әлеуеттілігі жағынан қазақстандық кәсіпкерлер шетелдің деңгейіне жете алған жоқ. Сондықтан біздің өнімдер қауіпті қоспасыз, таза, сапалы өндіріліп жатыр. Осы жағдайдан хабардар шетелдіктер қазақстандық азық-түлік өнімдерін көптеп сатып алуға пейілді. Осындайда: «Шетелге сатылған сапалы тауардың орнын олардың сапасыз азық-түлігі толықтырып жатқан жоқ па? – деген сұрақ туындайды. Ендеше, кәсіпкерлерді шетелге экспорттайтын тауардың көлемін арттыруға дем берумен қатар денсаулыққа зиянды өнімдердің елімізге ағылуын қатаң қадағалау керек.

Осы тұста, отандық өнімнің ұлттық менталитетке қатысты тұстарының көп болатынын айта кеткен жөн. Мысалы, біздің ою-өрнектермен әспеттеліп, көздің жауын

алатын киім-кешектеріміз той мен мереке-думанның ғана сәніне айналып келеді. Неге ұлттық киімдердің брендін қалыптастыра алмай келеміз? Түрік, қытай, кәріс, итальяндардікі сияқты күнделікті тұрмысқа үйлесімді ұлттық киім бізде неге тапшы? Осы жайлы сарапшылардың пікіріне сүйенсек, олар бұл жағдайға ұлттық мата өнеркәсібінің өркендемей отырғанын алға тартады. Әрине, мата өндірісі өнеркәсіптің қарапайым өңдеуші саласы болып табылғанымен оған өңдеуші ұлттың ішкі сезімі, ұлттық таным, халықтың пайымы, сүйіспеншілігі сіңіріледі екен. Кейінгі кезде қазақ шеберлерінің қолынан шыққан жүннен жасалған бұйымдардың сұранысы артып келеді. Бұл жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түседі. Айтпақшы, осы күндері біз жастарды не болса соны киеді деп кінәлауға дайын тұрамыз. Түптеп келгенде, жастар да кіндігін жауып, кеудесін жалаңаштамай киінгісі келеді. Өкінішке қарай, базарда саудаланып жатқан киім-кешектің бәрі солай болса, жастарда не кінә? Қателіктің бәрі – киім-кешек өндірісін өркендетіп, қазақстандық талғамға сай өнім өндіріп бере алмаған отандық кәсіпкерліктің нашарлығында. Енді техникалық, энергетикалық, құрылыс заттары, мәшине бөлшектері, тағы басқа да ірі кәсіпкерлік тұрғысынан келгенде бүгін-ертең шетелдік іргелі кәсіпорындарды шаң қаптыратын өнім өндіреміз деу артық болар. Бірақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында бірқатар жақсылықтың болатындығына күмән жоқ.

Кейде: «Еліміздегі кәсіпкерлерді кінәлай берудің қажеті шамалы» деп қаласың. Себебі, елімізде кәсіпкерліктің дамуына сара, салиқалы жол ашылды дегенмен де жетіспей жатқан тұстарымыз да жоқ емес. Бір сөзбен айтқанда, осы тұста мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шараларды қайта ширату керек. Осыған дейін бірнеше рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий жарияланғанын білеміз. Ол кәсіпкерлердің түрлі тексерістерден босап, алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік бергенімен кәсіптенудің дамуына даңғыл жол аша алмай келеді. Тағы да кәсіп көзін ашып, шаруасын шалқытуды ойлаған жерлестеріміз үшін заңның сансыз тармағы қолбайлау болып тұр. Міне, осы мәселе толық қарастырылғаны жөн. Сондай-ақ, Елбасы «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде шетелдерге шығаратын брендтік өнім дайындау керектігін тапсырды. Қазір оған да толық дайын емеспіз. Мысалы, қытайлықтар шетелге тауар шығаратын кәсіпорындарды тұтастай салықтан босатумен бірге, шетелге шығарған өнімінің 13 пайызын мемлекет есебінен төлеп отырады. Былайша айтқанда, мұндай мүмкіндікке ие кәсіпорындар мемлекет үшін жұмыс атқарады. Есесіне, олардың қалтасына түсер ақшасы аз болғанымен қытайлық тауарлардың шетел базарын иеленуіне, тұтынушылардың қатарын көбейтуге көп септігі тиіп келеді. Бізде де сондай ынталандыру тетіктері ойластырылғаны дұрыс. Сонда ғана өнімімізді өзге елде еркін саудалап, өңіріміздің өркендеуін тездетер едік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Отандық өнім әлеуметі қай деңгейде? // Baq.kz
2. Қазақстанда азық-түлік бағасы 6,5%-ға қымбаттады // Qazagtimes.com
3. «Марефен фуд Тянь-Шань» азық-түлік шығаратын зауыты Алматы // zhasalash.kz
4. А.С.Сейдахметов, Қ.Ж.Елшібекова, А.Қ.Ізмаханова. Кәсіпкерлік
5. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру // Baribar.kz